

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 491 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж., № 51, 648-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулының 24-қосымшасында:

«Республикалық мемлекеттік мекемелер» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 15, 16-жолдармен толықтырылсын:

«15. «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Ақпаратты техникалық қорғау орталығы» мемлекеттік мекемесі.

16. «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы» мемлекеттік мекемесі.»;

«Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-жолмен толықтырылсын:

«21. «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің «Алмас» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.».

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

